

ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ ӨНЕРКӘСІП

қаңтар-наурыз 2021 ж.



37,9
МЛРД ТГ

10 мың
ТОННА
+16,4%

Алкалоидтерден
тұратын ДЗ

682 тонна
+2,6 есе
Антибиотиктерден
тұратын ДЗ

109,1%
ФКИ

8,6 тонна
+24,6%
Диагностикалық
реагенттер

2020 жылғы осы кезеңмен
салыстырғанда өсу

\$12,2 МЛН



ЭКСПОРТ

Импорт 83,3%
отө 16,7%

\$293
МЛН

НАРЫҚ

\$244,1 МЛН



ИМПОРТ

Нарық, экспорт және импорт бойынша 2021 ж. қаңтар-ақпандағы деректер

ҮЗДІК ӨНДІРУШІ ӨҢІРЛЕР



Фармацевтикалық өнеркәсіп

Өндіріс көлемінің тұрақты өсуі саланы дамытудың негізгі қозғаушы факторы болды. 2021 жылғы қаңтар-наурызда отандық фармацевтикалық кәсіпорындар **37,9 млрд теңгеге өнім шығарды**: 2020 ж. осы кезеңмен салыстырғанда +20%. Өнеркәсіптік өндіріс индексі (ФКИ) 109,1% құрады.

Отандық кәсіпорындар коронавирус инфекциясымен күрес шеңберінде фармацевтикалық өнімге **жоғары қажеттілікті қамтамасыз етуде**, бұл, төмендегі тауар топтарының елеулі өсуіне әсер етті: антибиотиктерден тұратын дәрілік заттар (+2,6 есе), алкалоидтерден тұратын дәрілік заттар (+16,4%), диагностикалық реагенттер (+24,6%).

2021 жылғы 2 айда ҚР-да фармацевтикалық нарық көлемі **293 млн АҚШ долл. құрады** (123 млрд теңге), ОТӨ үлесі **16,7%**, импорт өнім үлесі – 83,3%.

2021 жылғы қаңтар-ақпанда экспорт көлемі 12,2 млн АҚШ долл. құрап, 31,2% өсті. Өсу аралас немесе араласпаған өнімдерден тұратын ДЗ, ветеринарлық вакциналар, бөлшек сауда үшін формаларға немесе қаптамаларға салынған ДЗ жеткізудің өсуі есебінен болды. Бақылау кезеңінде Қазақстан үшін негізгі экспорт нарығы **Ресей (74,6%)**, **Өзбекстан (17,2%)**, **Түркия (2,5%)** болды.

2021 жылғы қаңтар-ақпанда фармацевтикалық өнім импорты 95% өсті және 244,1 млн АҚШ долл. құрады. Фармацевтикалық өнімге сұраныстың жоғары болуы импорт көлемінің өсуінің негізгі себебі болды.

Қазақстандық фармацевтикалық индустрияның өндірістік қуаты төрт негізгі өңір шеңберінде шоғырланған және **2021 жылғы қаңтарда өндіріс көлемінің 94% қамтамасыз етті**: Шымкент қ. (29,5%), Алматы облысы (27,3%), Алматы қ. (22,6%) және Қарағанды облысы (14,6%).